



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2022 жылғы 16 ақпандағы
№ ДС - 59 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (бұдан әрі – ӘКК) қызметінің мәселелері жөніндегі сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Өңірлердегі ӘКК-нің мақсаты мен рөлін айқындау мәселесі бойынша, сондай-ақ оларды заңнамалық тұрғыдан бекіту бойынша

ӘКК-ні өңірлік даму институттарына трансформациялау жөніндегі тапсырманы орындау шеңберінде халықаралық тәжірибе зерделенді, қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін, бизнес-модельдерін, ұйымдық құрылымдарын қоса алғанда, ӘКК-нің қызметі қаралды.

Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша өңірлік даму институттары ретінде ӘКК қызметінің мынадай моделі ұсынылады: 1) өңірге инвестицияларды жылжыту және көтермелеу (инвесторларды сүйемелдеу, бизнес-ахуалды жақсарту және өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыру және т. б.); 2) экспортты ілгерілету және көтермелеу (консультациялық қолдау көрсету және әлеуетті өңірлік экспорттаушыларды оқыту); 3) жергілікті өнім берушілерді дамыту; 4) АЭА, индустриялық аймақтарды және өзге де объектілерді дамыту және басқару (АЭА, индустриялық аймақтар салу және дамыту мен өңірдің ірі кәсіпорындарымен өзара іс-қимыл жасасу).

Бұдан басқа, ӘКК даму институттары болып табылатынын ескере отырып, даму институттары қызметіне бірыңғай қағидаттар мен тәсілдерді айқындау ұсынылады.

Осы бағыттарда тиісті жұмыстар жүргізілуде, оның қорытындысы бойынша қолданыстағы заңнамаға заңнамалық түзетулер енгізіледі.

Жергілікті мәслихатқа ӘКК-нің тиімділігін, есеп беруін бақылауды жүктеу бойынша

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес мәслихаттардың құзыретіне атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті органдарға мәслихат

шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу жатады.

Заңның 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес депутат сессияда тиісті мәслихат аумағында орналасқан жергілікті атқарушы орган мен ұйымдардың лауазымды адамдарының мәслихаттың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша есептерін тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

Осылайша, қолданыстағы заңнамада әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мәслихаттарына есеп беру мүмкіндігі регламенттелген.

Бұдан басқа, «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңға (бұдан әрі – Заң) сәйкес ӘКК жария мүдделі ұйымдарға жатқызылған.

Осыған байланысты, заңнамада қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) қызмет нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету көзделген, сондай-ақ уәкілетті органдардың қызметіне аудит жүргізеді.

ӘКК кірісін бөлу, сондай-ақ шығыстарды қысқарту мәселесі бойынша

Бүгінгі таңда таза табысты бөлуді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Квазимемлекеттік секторды реформалау шеңберінде осы өкілеттіктерді республикалық деңгейге беру ұсынылады.

Сондай-ақ, Мемлекет Басшысының тапсырмаларын орындау үшін шығыстарды, оның ішінде жиһаз, көлік құралдарын сатып алуға тыйым салу, әкімшілік шығыстарды көтермеу және т.б. есебінен қысқарту бойынша шаралар қабылдануда.

Бұдан басқа, заңнамада акционерлік қоғамдардың лауазымды тұлғаларының қызметінің негізгі бағыттары мен қаржылық-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын даму жоспарларын іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі үшін жауапкершілігі көзделген.

Осылайша, ӘКК-ні өңірлік институттарға трансформациялау шеңберінде тиісті шаралар жүргізілетін болады.

Р. Скляр



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На письмо № ДС-59
от 16 февраля 2022 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев запрос по вопросам деятельности социально-предпринимательских корпораций (далее – СПК), сообщаем следующее.

По вопросу определения цели и роли СПК в регионах, а также по закреплению их законодательно

В рамках исполнения поручения по трансформации СПК в региональные институты развития изучен международный опыт, рассмотрена деятельность СПК, включая результаты их финансово-хозяйственной деятельности, бизнес-модели, организационные структуры.

По итогам проведенной работы предлагается следующая модель деятельности СПК как региональных институтов развития: 1) продвижение и поощрение инвестиций в регион (сопровождение инвесторов, выработка и реализация мер по улучшению бизнес-климата и повышению инвестиционной привлекательности региона и т.д.); 2) продвижение и поощрение экспорта (оказание консультационной поддержки и обучение потенциальных региональных экспортеров); 3) развитие местных поставщиков; 4) развитие и управление СЭЗ, индустриальными зонами и иными объектами (строительство и развитие СЭЗ, индустриальных зон и взаимодействие с крупными предприятиями региона).

Кроме того, учитывая, что СПК являются институтами развития, предлагается определить единые принципы и подходы к деятельности институтов развития.

В данных направлениях ведется соответствующая работа, по итогам которой будут инициированы законодательные поправки в действующее законодательство.

По возложению на местный маслихат контроля за эффективностью, подотчетностью СПК

В соответствии с пп. б) п. 1 ст. 6 Закона РК «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» (далее – Закон), к

компетенции маслихатов относится рассмотрение отчетов руководителей исполнительных органов и внесение в соответствующие органы представлений о привлечении к ответственности должностных лиц государственных органов, а также организаций за невыполнение решений маслихата.

Согласно пп. 5) п.1 ст. 21 Закона, депутат вправе вносить предложения о заслушивании на сессии отчетов должностных лиц местного исполнительного органа и организаций, расположенных на территории соответствующего маслихата, по вопросам, отнесенным к компетенции маслихата.

Таким образом, действующим законодательством регламентирована возможность предоставления отчетов социально-предпринимательскими корпорациями маслихатам соответствующей административно-территориальной единицы.

Кроме того, согласно Закону «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» (далее – Закон) СПК отнесены к организациям публичного интереса.

В этой связи, законодательством предусмотрено обеспечение доступа к результатам деятельности на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности (www.dfo.kz), также аудит деятельности уполномоченными органами.

По вопросу распределения дохода СПК, а также по сокращению расходов

На сегодня распределение чистого дохода осуществляется местными исполнительными органами. В рамках реформирования квазигосударственного сектора предлагается данные полномочия передать на республиканский уровень.

Также, во исполнение поручений Главы государства принимаются меры по сокращению расходов, в том числе за счет запрета на приобретение мебели, транспортных средств, неповышения административных расходов и т.д.

Кроме того, законодательством предусмотрена ответственность должностных лиц акционерных обществ за результативность и эффективность реализации планов развития, определяющего основные направления деятельности и показатели финансово-хозяйственной деятельности.

Таким образом, в рамках трансформации СПК в региональные институты будут проведены соответствующие меры.

Р. Скляр